

CN 173

Ceresit

БЕРІКТІГІ ЖОҒАРЫ ӨЗДІГІНЕН ТЕГІСТЕЛЕТІН ҚОСПА

Тез қататын өздігінен тегістелетін еден (5-тен 70 мм дейін)

ҚАСИЕТТЕРІ

- отырмайтын;
- осал негіздерде қолданыла алады;
- жарылуға төзімді;
- технологиялық өту 6 сағаттан ерте болмау керек;
- механикаландырылған жағу үшін жарамды;
- жылытуы бар тұтастырғыштарда қолданыла алады;
- тек ішкі жұмыстар үшін жарамды;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

CN 173 өздігінен тегістелетін қоспасы керамикалық тақтайшалар, линолеум, ковролин, ламинат және т.б. едендік жабындылар төселетін еденнің бетон, цемент-құм, ангидрит және гипс негіздерін тегістеу үшін, сондай-ақ механикалық жүктемелері төмен құрғақ орынжайларда (тұрғын, тұрмыстық, әкімшілік және т.б.) негізге байланысты тұтастырғыштарды дайындау және жөндеу үшін арналған.

Қолмен де, механикаландырылған жағу үшін де жарамды. Бір рет өтіп қоспаны қалыңдығы 5-70 мм қабатпен жағуға болады.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚЕ 29.13330.2011 және ҚНЖЕ 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға тиіс. Негіздің қысымға беріктігі кем дегенде 10 МПа құруға тиіс. Цемент-құм тұтастырғыштарының (жасы ≥ 28 күн) және бетонның (жасы ≥ 3 ай) ылғалдылығы $\leq 2\%CM$ (жылытылатын тұтастырғыштар үшін - $\leq 1,8\%CM$), ангидрит және гипс тұтастырғыштарының ылғалдылығы $\leq 0,5\%CM$ (жылытылатын тұтастырғыштар үшін - $\leq 0,3\%CM$) болуға тиіс. Негізді ластанулардан (майлардан, битумнан, желімнен, лак-бояу жабындардан және т.б.) тазартып шаңсыздандыру қажет. Негіздің берік емес учаскелерін, осал беттік қабатты, цемент сүтін жойыңыз. Ангидрит тұтастырғыштарды толтырғыштың түйіршіктері пайда болғанша ажарлаңыз.

Жарықтар мен ойдымдарды тазалаңыз, шаңсыздандырыңыз, СТ 17 астарымен астарлаңыз және қолайлы тегістегіш қоспамен толтырыңыз. Бетон, цемент-құм, ангидрит, гипс тұтастырғыштарды СТ 17 астарымен өндеңіз. Астар қоспаның жайылғыштығын көтереді, оның кеуіп кетуін және бетінде ауа көпіршіктерінің пайда болуын алдын алады. Астар кепкеннен кейін негіздің сіңіргіш қабілетін тексеріңіз және, қажет болған кезде, тағы бір рет астарлап жіберіңіз. Ылғалдың тегістегіш қабаттың құрылымына енуді бу- және гидроқшаулауды құру арқылы болдырмауға тиіс.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Қоспаны дайындау үшін температурасы +15-тен +20°C дейін таза судың өлшенген көлемін алыңыз. Құрғақ қоспаны араластырып отырып, түйірлерсіз біртекті қоспа шығаруын көздеп, суға аздап қосады. Араластыруды миксермен немесе саптамасы бар бұрғымен



400—800 айн/мин айналу жылдамдығымен жүргізеді. Қоспа дайындалған сәтінен бастап 30 минут ішінде жұмсалуға тиіс.

Жұқа қабатты тегістеген кезде қоспаны негізге құяды және бет бойынша тіреулері реттелетін жылтыр рақлямен үлестіреді. Деңгейін тасымалды нүктелі шамшырақтармен бақылау ұсынылады. Ауа көпіршіктерін жою және беттің сапасын жақсарту үшін қоспаны төсегеннен кейін бірден инелі білікшемен жазады. Тұтастырғыштарды құрған кезде қоспаны шамшырақ төрткілдештері бойынша төсейді және түзеуіш төрткілдешпен тегістейді. Жұмыстағы үзілістер 30 минуттан асқан кезде, жабдықты сумен жуып жіберу керек. Қоспаның келесі қабатын жағу қажет болған кезде алдағы қабат "Негізді дайындау" бөлімінің талаптарына сәйкес болуға тиіс.

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, негіздің температурасы +5-тен +30°C дейін болған кезде және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек. Бекіту суының артылуы материалдың қабатталуына, беріктігінің төмендеуіне және жарылуына келтіреді!

Қоспаны механикаландырылған жағуды PFT, Putzmeister, M-Тес, Kaleta немесе ұқсас жабдықтың көмегімен, оның дайындаушысының ұсынымдарына сәйкес орындау ұсынылады. Қоспаның консистенциясын Pk сақина жайылуы бойынша қозғалу көрсеткішіне сәйкес таңдайды (кестені қараңыз).

Тегістеуіш қабатты азынақтың, жылытқыш аспаптардың және тікелей күн сәулелерінің әсерінен болатын мерзімінен бұрын кебуден қорғау керек.

Негіздегі деформациялық тігістер тегістеуіш қабатта қайталанған болуға тиіс.

Жылытуы бар тұтастырғыштарда жылыту жүйесі қоспаны төсер алдында кем дегенде 48 сағат бұрын сөндірілген болуға тиіс. Қоспаны төсегеннен кейін жылыту жүйесін 10 мм дейін қабат қалыңдығы кезінде жұмыс қуатқа 72 сағаттан кейін және 10 мм асатын қабат қалыңдығы кезінде 7 тәуліктен кейін қосуға болады.



Кәсіпқойларға арналған сапа

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада сақтау мерзімі - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

ҚАПТАМАСЫ

СМ 173 құрғақ қоспасы 25 кг көпқабатты қағаз қаптарда жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

СМ 173 құрамы: кешенді ұстастырғыштың, минералдық толтырғыштар мен полимер түрлендіргіштерінің қоспасы	
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	1,1 ± 0,1 кг/дм ³
Араластыратын судың мөлшері:	7,5–8,5 л
Қолдануға дайын қоспаның тығыздығы:	1,9 ± 0,1 кг/дм ³
Сақинаның жайылуы бойынша қозғалуы, Рк:	24,0 ± 2,0 см
Тұтыну уақыты:	кем дегенде 30 минут
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°С дейін
Технологиялық өту мүмкіндігі:	6 сағаттан бастап (негіз түріне, қабаттың қалыңдығына және қоршаған орта жағдайларына)
Қысымдауға беріктігі: 1 тәулік жасында 28 тәулік жасында	кем дегенде 4,5 МПа кем дегенде
Иілген кезде созылуға беріктігі: 1 тәулік жасында 28 тәулік жасында	кем дегенде 1,0 МПа кем дегенде
28 тәулік бұрын құйылған бетонға жабысулық:	кем дегенде 0,8 МПа
Жанғыштық тобы (МЕМСТ 30244):	НГ (жанбайтын)
Пайдалану температурасы:	+70°С дейін
СМ 173 құрғақ қоспасының шығыны:	Қабат қалыңдығының 1 мм-не шамамен 1,6

ЕДЕН ЖАБЫНДАРЫН ТӨСЕУГЕ ДАЙЫНДЫҒЫ (ЕРТЕ ЕМЕС):

Жабындар:	СМ 173 қабатының қалыңдығы		
	5–10 мм	10–30 мм	30–70 мм
Керамикалық және тас плитка	24 сағат*	3 тәулік*	5-7 тәулік*
ПВХ, линолеум, ковролин	2 тәулік*	5 тәулік*	7 тәулік*

Ескертпе:

*) - бу өткізгіштігі төмен жабындарды, мысалы, линолеумді төсеу тегістегіш қабаттың және еден негізінің ылғалдылығы 1%СМ аспаған кезде рұқсат етіледі.